

Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (10.01.18ж. № 134-VI ҚР Заңы, 24.05.18 ж. № 156-VI ҚР Заңы, 02.07.18ж. № 166-VI ҚР Заңы, 02.07.18ж. № 168-VI ҚР Заңы, 02.04.19 ж. № 241-VI ҚР Заңы) 2018 жылы және 2019 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін және «Кристалл Менеджмент» АҚ жарғысын өзгерістер мен толықтыруларға сәйкестендіру қажеттілігін ескере отырып, «Кристалл Менеджмент» АҚ жарғысына, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларға келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ» 4-бабының 15-тармағының 5) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:
«5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;»;

2. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ» 4-бабы келесі мазмұндағы 15-1 тармағымен толықтырылсын:

«15-1. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде; егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.»;

3. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ» 4-бабының 20-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;»;

4. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ» 4-бабының 21-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«21. Акционердің осы жарғының 20-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындауының салдары үшін Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.»;

5. «ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗГЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ» 5-бабының 28-тармағының екінші және үшінші абзацтары келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Ақшадан басқа, өзге де мұлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау бағалаушы айқындастын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналыста болатын бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындайтын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген мұндай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалауды бағалаушы жүргізеді.»;

6. «ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗГЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ» 5-бабының 29-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«29. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі орталық депозитарий жүзеге асырады.»;

7. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 30-тармағының төртінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындағы төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шыгарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайдағана жол беріледі.»;

8. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 30-тармағының алтыншы абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер Заңда және (немесе) акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.»;

9. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 32-тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«32. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан, жартышылдық немесе жыл корытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана Қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің алпы жиналышының шешімімен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналышының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.»;

10. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 33-тармағы алынып тасталсын;

11. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 34-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«34. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналышы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.»;

12. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 35-тармағы келесі мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).»;

13. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 40-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«40. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде осы жарғының 35-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында тізіп келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауга міндетті.»;

14. «ДИВИДЕНДТЕР» 6-бабының 42-тармағы келесі мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы", "Сактандыру қызметі туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда».»;

15. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 51-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«51. Акционерлердің Жалпы жиналысын өзірлеу мен өткізуді:

- 1) атқарушы орган;
- 2) қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.»;

16. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 53-тармағының екінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Акционерлердің Жалпы жиналысы, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің Жалпы жиналысын қоспағанда, Қоғамның атқарушы органды орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.»;

17. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 53-тармағы келесі мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Қоғам акционерлері Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қатысуға құқылы.»;

18. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 54-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«54. Акционерлерге акционерлердің алдағы Жалпы жиналысының өткізілетіні туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін – отыз күнтізбелік күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерлерді хабардар ету үшін пошта байланысы

күралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында қырық бес күнтізбелік күнінен бұрын хабарлануы тиіс.»;

19. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 55-тармағы келесі мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.»;

20. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 56-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«56. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлері Жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған Жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) оларға сәйкес Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.»;

21. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабы келесі мазмұндағы 56-1 тармағымен толықтырылсын:

«56-1. Аралас дауыс беру кезінде Қоғам кционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада Жарғының 56-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетенъдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.»;

22. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабы келесі мазмұндағы 56-2 тармағымен толықтырылсын:

«56.2. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғамның атқарушы органдың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетенъдерді берудің басталған

және аяқталған күні;

- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Қоғам акционерлері Жалпы жиналышының күн тәртібі;
- 7) Қоғам акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.»;

23. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 61-тармағы келесі редакцияда өзгертулсін және мазмұндалсын:

«61. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналышының күн тәртібіне:

- 1) Қоғам акционерлері Жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;
- 2) егер акционерлердің Жалпы жиналышына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.»;

24. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 64-тармағы келесі редакцияда өзгертулсін және мазмұндалсын:

«64. Қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, мәселені шешу артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналышы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.»;

25. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 69-тармағы келесі редакцияда өзгертулсін және мазмұндалсын:

«69. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүргінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) алып тасталды;

6) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.»;

26. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 71-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«71. Акционерлердің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі Занға, Қоғамның жарғысына және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.»;

27. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 72-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«72. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетенъді ұсыну күні не бюллетенъдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетенъдері ескеріледі.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетенъ жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.»;

28. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 81-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«81. Дауыс беруге арналған бюллетенъ акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:

- 1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде – акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей;
- 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Акционерлерінің саны жүз және одан көп қоғамда сырттай дауыс беру кезінде осы Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъді жариялауға міндетті.»;

29. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 82-тармағының 4) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:
«4) Акционерлердің жалпы жиналысы жабылатын күн;»;

30. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 83-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:
«83. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Занды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (занды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Жеке тұлға – акционердің не занды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не занды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетенъ жарамсыз деп есептеледі.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеніге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.»;

31. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 85-тармағының екінші абзацы алыш тасталсын;

32. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 92-тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:
«92. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен (осындай тәртіп болған кезде) жеткізіледі.»;

33. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 95-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«95. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде) қол қоюға тиіс.»;

34. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРИНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабы келесі мазмұндағы 95-1 тармағымен толықтырылсын:

«95-1. Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмесе – акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.»;

35. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ» 8-бабының 96-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«96. Осы жарғының 95 және 95-1-тармақтарында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсінктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуга құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.»;

36. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағының 7) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;»;

37. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағының 16) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«16) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;»;

38. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағының 19) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«19) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысында айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;»;

39. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағының 21) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«21) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау құніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;»;

40. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағының 22) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«22) оның жасалуында Қоғамның мүддесі бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;»;

41. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 9-бабының 98-тармағы келесі мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) шешім қабылдау осы Занда және (немесе) Қоғамның жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.»;

42. «АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТИ» 9-бабының 99-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«99. Жарғының 98-тармағының 1)- 4), 8), 9), 11)-15), 17), 20), 21) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады, егер Заңмен өзгесі белгіленбеген болса.

Жарғының 98-тармағының 22) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысуши дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы жарғының 98-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.»;

43. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» 10-бабының 103-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«103. Ең маңызды мәселелерді қарau және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылтуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) Стратегиялық жоспарлау;
- 2) Кадрлар және сыйақылар;
- 3) Ішкі аудит;
- 4) Әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелер.

Жарғының осы тармағында тізбектелген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін, Директорлар кеңесінің жекелеген комитетімен қаралатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіби білімге ие сарапшылардан тұрады.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана Директорлар кеңесінің мүшелерінен құралтуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттерін құру тәртібі мен олардың жұмысы, саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.»;

44. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» 10-бабының 111-тармағының екінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.»;

45. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» 10-бабының 117-тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«117. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.»;

46. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» 10-бабының 118-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«118. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Жарғының 124-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесінің отырықта қатысады барлық мүшелерімен, бірауыздан, қабылданады, қоғамның мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасасуы туралы мәселені қоспағанда, бұл туралы шешім оның жасалуында мүддесі жок Директорлар кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, мұндай мәміленің үлгілік талаптары Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген жағдайларды қоспағанда.

Шешімдері жай көпшілік даусымен қабылданатын мәселелер бойынша дауыстар тен болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.»;

47. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ» 10-бабының 122-тармағының екінші абзацы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның үәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.»;

48. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 11-бабының 124-тармағының 3) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«3) Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;»;

49. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 11-бабының 124-тармағының 18-1) тармақшасы алып тасталсын;

50. «ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ» 11-бабының 124-тармағының 19) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«19) жасасу туралы шешім жарғының 98-бабының 21) тармақшасына және жарғының 98-бабының 22) тармақшасына сәйкес Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;»;

51. «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК» 15-бабының 140-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«140. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес үйымы (үйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті үәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндettі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Занда және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып аlyнатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.»;

52. «ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ» 16-бабының 141-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«141. Сот банкрот деп таныған Қоғамды, сондай-ақ үәкілетті орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесіндегі банктерді, сактандыру (қайта сактандыру) үйымдарын қоспағанда, Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндettі.»;

53. «ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛГАЛАРЫНЫҢ ӨЗ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛГАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ» 17-бабының 144-тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«144. Қоғам аффилиирленген түлғаларының есебін осы түлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде (үәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын түлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.»;

54. «ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ» 18-бабының 147 тармағы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«147. Қоғам "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және үәкілетті органдың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндettі.»;

55. «ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ» 18-бабының 148-152 тармақтары алыш тасталсын;

56. «ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ» 19-бабының 153-тармағының 11) тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және мазмұндалсын:

«11) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетенъдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетенъдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі Занға, Қоғамның жарғысына және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шыгару проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын мәселелер бойынша материалдар;»;

57. Қоғам жарғысының толық мәтіні бойынша «корпоративті веб-сайт» сөздері «корпоративті интернет-ресурс» сөздеріне алмастырылсын.

«Кристалл Менеджмент» АҚ Бас директоры Д. Сайзинұлы



Сайзинұлы Даулет

УТВЕРЖДЕНЫ

Протоколом внеочередного общего
собрания акционеров
АО «Кристалл Менеджмент»
№01-19 от «04» июня 2019 года



**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ
акционерного общества
«Кристалл Менеджмент»**

Установлено в члене № 12 устава в следующем изменении:

ст. 12. Уставом подается заявка на регистрацию в Администрации по месту нахождения общества на право осуществления предпринимательской деятельности в сфере строительства и архитектурно-строительной деятельности, в том числе в виде строительных организаций, подразделений, филиалов, представительств, контор, а также в виде индивидуальных предпринимателей.

ст. 12. Уставом подается заявка на регистрацию в Администрации по месту нахождения общества на право осуществления предпринимательской деятельности в сфере строительства и архитектурно-строительной деятельности, в том числе в виде строительных организаций, подразделений, филиалов, представительств, контор, а также в виде индивидуальных предпринимателей.

ст. 12. Уставом подается заявка на регистрацию в Администрации по месту нахождения общества на право осуществления предпринимательской деятельности в сфере строительства и архитектурно-строительной деятельности, в том числе в виде строительных организаций, подразделений, филиалов, представительств, контор, а также в виде индивидуальных предпринимателей.

ст. 12. Уставом подается заявка на регистрацию в Администрации по месту нахождения общества на право осуществления предпринимательской деятельности в сфере строительства и архитектурно-строительной деятельности, в том числе в виде строительных организаций, подразделений, филиалов, представительств, контор, а также в виде индивидуальных предпринимателей.

г. Алматы, 2019

Принимая во внимание внесение в 2018 году и в 2019 году изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан № 415-II «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года (Закон РК от 10.01.18 г. № 134-VI, Закон РК от 24.05.18 г. № 156-VI, Закон РК от 02.07.18 г. № 166-VI, Закон РК от 02.07.18 г. № 168-VI, Закон РК от 02.04.19 г. № 241-VI) и необходимостью приведения устава АО «Кристалл Менеджмент» в соответствие с изменениями и дополнениями, внести в устав АО «Кристалл Менеджмент», а также в изменения и дополнения к нему следующие изменения и дополнения:

1. Подпункт 5) пункта 15. Статьи 4 «ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА» изменить и изложить в следующей редакции:

«б) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги Общества;»;

2. Статью 4 «ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА» дополнить пунктом 15-1. следующего содержания:

«15-1. Акционеры, владеющие самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества при одновременном наличии следующих условий:
установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода);
если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества повлекли возникновение убытков Общества.»;

3. Подпункт 2) пункта 20. Статьи 4 «ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА» изменить и изложить в следующей редакции:

«2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;»;

4. Пункт 21. Статьи 4 «ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА» изменить и изложить в следующей редакции:

